БҮГІНГІ ТАҢДА ҚЫТАЙ МЕН ЕУРОПА АРАСЫНДАҒЫ ҚҰРЛЫҚТЫҚ ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ 80%-ДАН АСТАМЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ АРҚЫЛЫ ӨТЕДІ. БІЗ ҚЫТАЙДЫ ТЕК ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҚЫН КӨРШІ ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН БІРГЕ ОРТАҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮДДЕЛЕРІ БАР СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРАМЫЗ. ОРТА ДӘЛІЗДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ОНЫ «БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» БАСТАМАСЫМЕН ТҮЙІСТІРУ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ӨҢІРЛІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН КҮШЕЙТЕТІН ӨНДІРІСТІК АЛЬЯНСТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Әлібек ҚУАНТЫРОВ,
ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№48 (3087)
24/06/2025


## РЕМОНТ – ЗАЛОГ НАДЕЖНОЙ ЛОГИСТИКИ

**В рамках реализации Дорожной карты по воплощению предвыборной платформы Президента Республики Казахстан «Справедливый Казахстан – для всех и для каждого. Сейчас и навсегда» на период 2023-2028 годов на сети АО «НК «Қазақстан темір жолы» в полном масштабе развернулись работы по оздоровлению и капитальному ремонту железнодорожной инфраструктуры.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Астана



Текущий ремонтно-путевой сезон стартовал в марте и охватил все регионы страны. Всего в 2025 году планируется отремонтировать 1 480 километров железнодорожного пути, из них капитальному ремонту подлежат 512 километров, покомпонентному – 237 километров, планово-предупредительному – 731 километр.

Капитальный ремонт с полной заменой рельсошпальной решетки в этом году охватит 512,8 километра. В разрезе региональных отделений работы распределены следующим образом: по Акмолинскому отделению – 63,1 км, Костанайскому – 67,3 км, Павлодарскому – 58,4 км, Семейскому – 38,6 км, Алматинскому – 29,8 км, Жамбылскому – 52,1 км, Кызылординскому – 48,7 км, Актобинскому – 72,6 км, Атыраускому – 66,7 км и Мангистаускому – 15,7 км.

Первыми к капитальному ремонту приступили железнодорожники южных и западных регионов страны. С марта по май завершены работы на участках общей протяженностью 102,5 километра. В Жамбылском отделении завершен ремонт на участках Шольдала – Кумшагыл – Тараз и Жидели – Берлик-1 в объеме 23 километров, в Атырауском отделении – на участке Рзд. 4 – Рзд. 5 – Ганюшкино (24,8 км), в Актобинском – на участках Рзд. 174 – Жарлы и Кенжалы – Рзд. 142 (19,0 км), в Алматинском – на участках Чильбастау – Отар и Кумтобе – Егинсу (18,9 км), в Павлодарском – на участках Аксу-1 – Аксу-2 и Спутник – Бастау (16,8 км).

В соответствии с графиком работы развернуты также в северных и восточных регионах. Ведется капитальный ремонт на Костанайском отделении на перегоне Куншаш – Карагалинская, на Семейском – на перегоне Бель-Агач – Дюсакен, на Павлодарском – на участке Еркеншилик – Едыге – Ерейментау, на Алматинском – на перегоне Лепсы – Жасказак, на Жамбылском – на перегоне Бурубайтал – Карасай, на Актобинском – на участке Айтеке би – Уйтас, на Атырауском – на перегоне Рзд. 265 – Рзд. 279, на Мангистауском – на участке Рзд. 7 – Сай-Утес. Перед железнодорожниками Карагандинского региона стоят задачи по оздоровлению пути на участках Карагайлы – Кокпекты и Атасу – Каражал в объеме 35 километров.

В дополнение к капитальному обновлению на сети ведутся работы по усиленному среднему и среднему ремонту пути, замене стрелочных переводов, сплошной смене рельсовых опор и колеи, а также другие профилактические мероприятия. Вся кампания осуществляется с применением современной специализированной техники. В распоряжении ҚТЖ – более 730 единиц путевых машин, включая Duomatic, Unimat MF, комплексы RM-80 и RM-2002, выправочно-подбивочно-рихтовочные машины и рельсошлифовальные поезда Atlas.

С начала года по состоянию на 1 июня выполнен ремонт в объеме 392,4 километра, в том числе капитальный ремонт составил 147,5 километра, покомпонентный – 64,8, планово-предупредительный – 180,1 километра.

Проведение плановых работ требует временного введения ограничений скорости движения поездов на участках ремонта, что влечет корректировку расписания движения пассажирских и грузовых составов. Тем не менее такая мера является необходимой частью стратегии по обеспечению безопасности, надежности и устойчивого функционирования железнодорожной инфраструктуры страны.

*Фото автора*

## КӘСІБИ МАМАНДАРҒА ҚҰРМЕТ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның сенімді серіктестерінің бірі «Қамқор Локомотив» ЖШС-нің үш қызметкері «Үздік еңбек адамы» төсбелгісіне ие болды.**

Бұл – Жұмысшы мамандықтары жылы аясында еңбек адамдарына көрсетіліп отырған құрмет пен сенімнің бір көрінісі. Өндіріс игілігі үшін адал тер төгіп жүрген жандарға алғыс білдірудің тамаша мүмкіндігі.

«Bilim-orkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы мен «Жаңа Қазақстан» инновациялық орталығы бірлесе отырып ұйымдастырған «Еңбек озаты» атты республикалық патриоттық байқаудың да көздегені осы – жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеру. Елімізде адал еңбек етіп, өз мамандығының хас шебері атанған және елдің дамуына үлес қосып жүрген азаматтарды қоғамда кеңінен насихаттау және жастарға үлгі ету.

Екі кезеңнен тұрған байқау нәтижесінде «Қамқор Локомотив» ЖШС қызметкерлері жеңімпаздар қатарынан орын алды. Олар: Ақтөбе ЛЖД жабдықтарды жөндеу жөніндегі слесарь-электригі Руслан Жаңабергенов, Шалқар СО жылжымалы құрамды жөндеу электр слесарі Ерлан Раев, Аягөз ЛЖД жылжымалы құрамды жөндеу слесарі Аманғазы Рахымжанов.

«Үздік еңбек адамы» құрметті төсбелгісінің иегерлеріне дипломдар мен естелік мүсіндер тарту етілді.

*Ислам ТАЛҒАТ*

## ПОЛОЖИТЕЛЬНАЯ ДИНАМИКА



**На 54% выросли перевозки зерна по сети АО «НК «Қазақстан темір жолы» за пять месяцев 2025 года по сравнению с аналогичным периодом прошлого.**

Всего с января по май по сети ҚТЖ перевезено 5,7 миллиона тонн зерна, из них на экспорт – 4,5 миллиона тонн. Рост – на 62%.

В страны Центральной Азии направлено 2,2 миллиона тонн зерна – на 28% больше, чем в прошлом году. В 12 раз увеличились объемы перевозок зерна через порты Актау и Курык в направлении Ирана. Через черноморские порты перевозки возросли на 20%, а через балтийские – на 16%.

ҚТЖ продолжает обеспечивать своевременную доставку сельскохозяйственной продукции отечественных производителей на зарубежные рынки, сообщили в пресс-службе компании.

*Махаббат НЕГЕМБАЕВА*



**Рузана АЗИМОВА,**
. менеджер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ»:

«ПРОГРАММА РАЗВИТИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ «ЖАС ТЕМІР» ПОЗВОЛЯЕТ ВЫПУСКНИКАМ ОТРАСЛЕВЫХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ ПРОЙТИ ГОДОВУЮ ОПЛАЧИВАЕМУЮ СТАЖИРОВКУ В АО «НК «ҚТЖ» С ПОСЛЕДУЮЩИМ ТРУДОУСТРОЙСТВОМ. В РАМКАХ ОБЪЯВЛЕННОГО ГЛАВОЙ ГОСУДАРСТВА ГОДА РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ ВОЗМОЖНОСТЬ ПОУЧАСТВОВАТЬ В «ЖАС ТЕМІР» ПОЯВИЛАСЬ И У ВЫПУСКНИКОВ СРЕДНИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ (СУЗОВ).»

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ДО КОНЦА ТЕКУЩЕГО ГОДА АО «НК «ҚТЖ» ПОСТАВИТ ПЕРВУЮ ПАРТИЮ ИЗ

**51**

ВАГОНА ПРОИЗВОДСТВА КОМПАНИИ STADLER.

ПО ИТОГАМ ПЯТИ МЕСЯЦЕВ 2025 ГОДА ЧЕРЕЗ СТАНЦИЮ АЛТЫНКОЛЬ ПЕРЕВЕЗЕНО

**6,5 млн**

ТОНН ГРУЗОВ.

ОКОЛО

**1 000**

ПАССАЖИРОВ ПОЛУЧИЛИ ПЕРВУЮ ПОМОЩЬ В ПОЕЗДАХ ҚТЖ ЗА ТРИ ГОДА.

## Актуально

## ПО МАРШРУТУ КУРЫК – АЛЯТ

**С сентября 2025 года казахстанская компания MSC Middle Corridor Maritime намерена открыть регулярное паромное сообщение по маршруту Курык – Алят (Азербайджан) – Курык.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Астана

Благодаря новым паромам впервые будут запущены регулярные паромные рейсы по данному маршруту под флагом Казахстана.

Инвестиционный проект, направленный на развитие паромных перевозок на Каспийском море, обсуждался на встрече с акимом Мангистауской области Нурдаулетом Килыбаем и председателем совета директоров компании Georgian Industrial Group Давидом Бежуашвили.

Отмечено, что с сентября 2025 года данные суда перейдут в управление казахстанской компании MSC Middle Corridor Maritime, которая намерена выполнять впервые регулярные рейсы по маршруту Курык – Алят – Курык под флагом Казахстана.

Ежемесячно планируется выполнять по маршруту Курык – Алят – Курык 8-9 рейсов. Вместимость одного судна – 54 грузовые фуры. Такая интенсивность движения значительно повысит пропускную способность каспийского направления и создаст надежный логистический мост между Казахстаном и Азербайджаном, открывая новые возможности для экспортеров и импортеров обеих стран. Более того, ведутся переговоры о расширении сотрудничества с другими паромными операторами.

Нурдаулет Килыбай отметил, что данная инициатива придаст значительный импульс развитию региональной логистики. В свою очередь Давид Бежуашвили выразил намерение реализовать конкретные проекты в Мангистауской области.

Подчеркнуто, что развитие паромных перевозок на Каспии является частью более широкой стратегии Казахстана по укреплению своих позиций в качестве морской державы.

Реализация таких амбициозных проектов позволит Казахстану значительно укрепить свои позиции на ТМТМ, соединяющем Китай с Европой через Центральную Азию, Кавказ и Турцию, и стать ключевым игроком в развитии трансконтинентальных перевозок.

## ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМДЕРІН ТОЛЫҚТЫРДЫ

**Нормативтік-құқықтық құжаттарды дұрыс рәсімдеу, тасымалданатын жүктердің сақталуы, көліктегі кеден қызметі, ақпараттық жүйелер, тарифтік саясат мәселелері – пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей әсер ететін негізгі факторлар. Тараз қаласында өткен республикалық семинар-тренингте осы мәселелер талқыланды.**

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл



Жиында «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС-нің Жүк және комерциялық жұмыстар департаментінің бас менеджері Ержан Гаипов, аталған департаменттің Сақталмаған тасымалдар бойынша талаптарды реттеудің функционалдық бағыты басқармасының бас менеджері Лаура Алатаева, Жүйелік жобалар департаментінің жүйелік жобаларды функционалдық талдау бағытының менеджері Мария Жангиреева баяндама жасап, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде алдын ала профилактикалық жұмыстарды жүргізуді күшейту, нормативтік-құқықтық құжаттарды ресімдеу жолдарына тоқталды. Мамандар тасымалданатын жүктердің сақталуына қатысты тақырыптарға кеңірек тоқталып, жан-жақты қамтып өтті.

Теміржол арқылы жүк тасымалының тарифтік саясатындағы өзгерістер мен жаңалықтар туралы тарифтік саясат департаментінің бас менеджерлері Зәбира Ахажанова, Наталья Байғазина, Гүлмира Қуанова жан жақты ақпарат берді. Көліктегі кеден ісі қызметінің бас менеджері Бибігүл Насырова, Жүктермен коммерциялық жұмыс департаментінің жүк жұмысын тексеру тобының менеджері Жанбек Тусупаев, осы департаменттің тасымалдау шарттары жөніндегі топ менеджері Елена Сатыбалдина жүк тасымалы бөлімшелері филиалдарындағы кедендік қызмет мәселелерінде кездесетін түйткілдерге тоқталды. Ақпараттық жүйелермен жұмыстың жайы да қозғалды.

Алғашқы теориялық бөлімде спикерлер Жүк тасымалы бөлімшесі филиалдарында құжат ресімдеуде туындайтын проблемаларды талдап-саралады. Семинар-тренингтің практикалық бөлімінде осы түйткілдердің шешімін табу жолдарын бірлесе талқыға салды.

Екі күнге созылған семинарда қатысушылар теориялық білім базасын толықтырып, практика жүзінде туындайтын ситуациялық жағдайлардың шешімін іздеп, талдау-сараптама жасады.

Сұрақ-жауап форматында өткен семинар станция басшылары мен жүк тасымалына қатысты құжаттар ресімдеумен айналысатын мамандар үшін берері көп болды.

Республикалық семинар-тренингке қатысушылар келесі күні Тараздың тарихи-мәдени нысандарын аралады.

*Суретті түсірген автор*

KT
rail-news.kz
№48 (3087) 24/06/2025

# ЖАҢА ЭЛЕКТР ПОЙЫЗЫ ШЫҒАДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

СЕРВИС

**Жылжымалы құрамды жаңарту бағдарламасы аясында осы жылдың шілде айының басында «Жолаушылар тасымалы» АҚ бірінші, екінші және үшінші класты жаңа электр пойызын пайдалануға беруді жоспарлап отыр.**

Құрам Астана – Бурабай курорты бағытына қатынайтын болады. Пойыз алты вагоннан тұрады және 374 орынға арналған. Ол барлық қажетті техникалық тексерулерден өтті. Қазіргі уақытта Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес құжаттаманы ресімдеу аяқталуда.

«Пойыз дизайнында қол жетімділік пен инклюзивтілік мәселелеріне ерекше назар аударылған. Әр класта биодәретханалар, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жолаушыларға арналған арнайы бейінделген кабиналар қарастырылған. Мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы болу үшін платформалық көтергіштер де бар. Автоматты шығарылатын аяқ тіректері, әсіресе егде жастағы жолаушылар мен балалары бар отбасылар үшін ыңғайлы отырғызу мен түсіруді қамтамасыз етеді. Пойыздағы әрбір орын мобильді құрылғыларды қуаттауға арналған USB қосқышымен жабдықталған. Сонымен қатар, құрамда салқын сусындар мен жеңіл тағамдар да қарастырылып отыр» , – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз хатшысы Нариман Дүйсекеев.

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Астана

ЛОГИСТИКА

**Астанада өткен «Қытай - Орталық Азия» индустриялық-инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі II форум аясында KTZ Express басшылығы мен COSCO Shipping өкілдері арасында жұмыс кездесуі өтті.**

COSCO Shipping - теңіз және логистикалық тасымалдардың ірі халықаралық операторлары болып табылады. Келіссөздердің негізгі тақырыбы Қазақстан аумағы мен Каспий өңірі арқылы Қытай мен Еуропа арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын, оның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағдары шеңберінде логистикалық өзара іс-қимылды кеңейту болды. Тараптар жүк ағындарының өсуіне және «Қытай - Еуропа» инфрақұрылымдық байланысының дамуына назар аудара отырып, мультимодальды тасымалдау саласындағы әріптестікті тереңдету тетіктерін талқылады.

Форум аясындағы кездесу Қазақстан мен Қытай арасындағы логистикалық саладағы ынтымақтастықты күшейту жолындағы кезекті қадам болды. KTZ Express және COSCO Shipping ТМТМ-ді болашақтың стратегиялық бағыты ретінде нығайту үшін бірлесіп жұмыс істеуге міндеттемелерін растады.

# ТОҒЫЗ СТАНЦИЯҒА АЯЛДАЙДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

МЕДПОЙЫЗ

**«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы 21 маусымнан бастап Ақтөбе облысының аумағына келді. Тегін медициналық және кеңес беру көмек көрсететін пойыз Ақтөбе облысында 9 станцияға аялдап, жақын орналасқан елді мекен тұрғындарын қабылдайды.**



Байғанин ауданының Ноғайты елді-мекенінде жұмысын бастаған пойыз қызметі жайлы жергілікті тұрғындарға алдын ала хабарландыру болды.Заманауи медициналық аппараттармен жабдықталған пойызда 29 дәрігер бар. Олар ауыл тұрғындарын хирургия, педиатрия, кардиология, неврология, оториноларингология, офтальмология, стоматология, гинекология, урология, функционалды диагностика, рентген және психология салалары бойынша қабылдайды.

Кеңес беруден бөлек, пойызда УДЗ, ЭКГ, флюорография, гастрофиброскопия, қан талдауы және басқа да диагностикалық тексерулерден өтуге болады. Дәрігерлермен қатар ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия атынан келген заңгерлер мен медиаторлар ауыл тұрғындарын қабылдайды. Олар еңбек дауларын шешуге, әлеуметтік төлемдерді рәсімдеуге, сот және құқықтық мәселелер бойынша кеңес беруге көмектеседі.

Медициналық пойыз Шұбарқұдықта 21-22 маусымда, Қарашоқатта — 23 маусым, Қотыртаста — 24 маусым, Қандыағашта — 25-26 маусым күндері қабылдау жүргізеді. Ал Ақтөбе өңірінің Мәртөк, Аққемер және Кемпірсай ауылдарына пойыз шілде айында келеді деп күтіледі. Мәртөк тұрғындары — 13-14 шілде күндері, Аққемер — 15-17 шілде, Кемпірсай — 17-18 шілде мамандардың кеңесіне жүгіне алады.

*Суретті түсірген автор*

# МАРАПАТ ИЕСІН ТАПТЫ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

**Бейбіт күннің батырлары ортамызда жүр. Олар кәсіби біліктілігінің арқасында адамдар өмірін сақтап, апаттардың алдын алуда. Солардың бірі Тараз локомотив пайдалану деposынның 2-класты машинисі Марат Абызов. Ол жолаушылар пойызын жүргізіп келе жатып дұрыс кәсіби әрекет етуінің арқасында өткелде тұрып қалған тракторды соқпай, апаттың алдын алды.**




Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Оқиға жайлы газетіміздің өткен бір санында жазған болатынбыз. Ал кешегі аптада машинист лайықты марапатқа ие болып, «Ерлігі үшін» медалін төсіне тақты.

Қысқаша тоқтала кетсек, оқиға биыл 7 маусымда Тараз – Шу телімінің 3731-шақырымын күзетілмейтін өткелде болған. Көмекшісі Бағдан Ермековпен бірге №34 Ақтөбе-Алматы пойызын жүргізіп келе жатқан Марат Сәрсенбайұлы өткел бағдаршамы қызыл жанып тұрса да, өтуге асыққан тракторды алыстан аңғарды. Алайда тура жолдың ортасына келгенде трактордың тіркемесі ағытылып, тұрып қалды. Мұны байқаған Марат дереу жылдамдықты азайтып, оны сағатына 63 км-ге дейін түсірді. Соның арқасында ол өткелге 2 метр қалғанда пойызды тоқтатып үлгерді.

– Бұл жерде жағдай әр секундқа тәуелді болды, мәселен, жылдамдықты 63-ке емес, 64-65 км-ге де түсіргенде өткелдегі тележкаға соқтығысу мүмкін еді. Жоғарғы орында жатқан адамдар құлап, электровозға да зақым келетін еді. Алайда біз оған жол бермедік. Өткелде нұсқаулыққа сай әрекет етіп, 4 минуттан соң межелі бағытқа қарай жүріп кеттік. Жалпы мұндай жағдай 12 жылдық тәжірибемде бірінші рет болып тұр. Осы еңбегімізді бағалап жатқан компания басшылығына алғысымыз шексіз, – дейді машинист жігіт.

Марат Абызов 1989 жылы Жамбыл облысы Жуалы ауданында туып-өскен. Машинист болу – бала күнгі арманы. Алғаш рет досының көз тартарлық форма киіп жүретін машинист ағасын көріп, бұл мамандыққа деген қызығушылығы оянып, машинист болуға шешім қабылдайды. 2012 жылы локомотив шаруашылығы бойынша жоғары білім алып, еңбек жолын Тараз депосында машинист көмекшісі болып бастайды. 5 жылдан соң білімін жетілдіріп, машинистікке көтерілді. 2023 жылы Астанада оқып екінші класты машинист дәрежесін алған соң жолаушылар пойызын жүргізу құрметіне ие болды.

Оның ерлікпен пара-пар әрекетін жоғары бағалаған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС директорының локомотив шаруашылығы бойынша орынбасары Асан Үмбетов осындай мықты мамандар еңбек ететін Тараз локомотив пайдалану депосына білікті кадрлар дайындаудағы еңбектері үшін алғыс айтты.

**P.S** Жамбыл облысындағы тілшіміз «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл филиалының директоры Айдын Сеитбенбетов бастаған тараздық теміржолшылар Астанадан марапат алып



оралған машинист Марат Абызовты әуежайдан зор салтанатпен күтіп алғанын хабарлайды.

Әулиеата әуежайында бейбіт күннің батырын күтіп алған көпшілік машинистке зор қошемет көрсетіп, өнерлі жас жеткіншектер күмбірлетіп күй шертсе, әріптестері ізгі тілектерін жеткізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанадағы жолаушы вагондарын шығаратын зауытта болып, «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жаңа салалық марапаттарға ие болған үздік қызметкерлермен кездескен болатын. Осы кездесуге жолаушылар пойызын апаттан аман алып қалған жамбылдық машинист те куә болып, Президентпен суретке түсу бақытына ие болды.

# БОЛАШАҒЫ ЗОР МАМАНДЫҚ

**Астана қаласы әкімдігінің Көлік және коммуникация жоғары колледжі базасында «Теміржол мамандықтарының болашағы: кадрларды даярлау және жұмыспен қамту» тақырыбында форсайт-сессия өтті.**

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Жұмысшы мамандықтар жылына орай ұйымдастырылып, көлік саласын дамытуға бағытталған іс-шара стратегиялық пікір алаңына айналды.

Сессияның басты мақсаты – теміржол саласындағы мамандарды даярлау мен оларды жұмысқа орналастыруға қатысты болашақтың негізгі үдерістері мен сын-қатерлерін анықтау. Сонымен қатар білім беру ұйымдары, мемлекеттік басқару органдары мен бизнес құрылымдары үшін стратегиялық ұсынымдар әзірлеу. Іс-шара аясында колледждер мен теміржол саласындағы жетекші компаниялар арасындағы әріптестік байланыстарды нығайту да басты



назарда болды.

Үш колледждің қатысуымен кәсіби талқылау өтті. Форсайт-сессия жұмысына Астана қаласының үш жетекші колледжі қатысты. Олар: Астана қаласы әкімдігінің Көлік және коммуникация жоғары колледжі, Астана қаласы әкімдігінің Техникалық колледжі, Тынышбаев атындағы көлік және коммуникация колледжі.

Іс-шара барысында саланың жетекші мамандары өз ойларымен бөлісті. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің HR-бизнес серіктесі Алма Тұрарқызы: «Бұл іс-шара болашақ теміржолшылар үшін аса маңызды. Біз студенттердің дайындығын, көзқарасын білдік. Қандай кедергілер бар, оларды қалай шешуге болады, соның бәрін бірге сараладық. Теміржол – ел экономикасының тірегі. Теміржолшы – болашағы зор мамандық. Жастарды осы салаға бетбұрыс жасап, аянбай еңбек етуге шақырамын», – деп пікір білдірді.

Колледж студенттері мен әлеуметтік серіктестер кәсіби мамандықтарға қатысты өзекті сұрақтарды бірге талқылады. Еңбек нарығындағы сұраныс, жаңа өндірістік талаптар мен технологиялық өзгерістерге сәйкес оқу бағдарламаларын бейімдеу мәселелері қозғалды. Әр оқу орны өз мамандықтарына сай қойылған сұрақтарға жауап беріп, практикалық шешімдер ұсынды. Бұл өзара пікір алмасу мен кәсіби бағдар беруді күшейтіп, өндірістік процестердің өзара байланысын нақтылауға мүмкіндік берді.

*Суретті түсірген автор*

# ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫНА АЙНАЛҒАН БАЙҚАУ

АЙМАҚ

**Қызылорда өңіріндегі Қазалы станциясында желілік құрылымдардың басын қосқан оқу-көрсетілімдік байқау өтті. Оған аймақтағы барлық мекемелердің басшылық құрамы мен жауапты мамандары қатысты.**

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ербол Саулебеков жетекшілік еткен айлық комиссиялық байқауда Қазалы станциясының жол шаруашылығы, сигнализация және байланыс жүйелері, жүк және коммерциялық сала, қозғалыс қауіпсіздігінің жай-күйі т.т. теміржол саласының түрлі бағыттарын қамтитын кешенді тексеру жұмыстары жүргізілді. Станция бастығының орынбасары Руслан Мақашев ДУ-46 айлық тексеріс нәтижесінің толтырылуын көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Қазалы станциясы – аймақтағы маңызды тораптық станциялардың бірі. Мұнда тәуліктік пойыз қозғалысы мен жүк тасымалы үздіксіз жүретіндіктен станцияның өткізу қабілеті жоғары деңгейде сақталады. Осы бағыттағы жұмыстарды сапалы ұйымдастыру – теміржолшылардың кәсібилігіне тікелей байланысты.

Оқу-көрсетілімдік байқау болған соң әрине, тексеріс барысында жиналғандар өзара



тәжірибе алмасып, штаттық және төтенше жағдайларда әрекет ету тәсілдерін пысықтады. Жол мастері, кезекші оператор, пойыз қабылдап-жөнелтуші және вагон қараушыларға дейін түгел қамтылған комиссиялық байқау сала мамандарының кәсіби білімдерін жетілдіріп, шеберліктерін шыңдаудың тағы бір мүмкіндігі болғаны анық.

Комиссия мүшелерінің пайымдауынша, көрсетілімдік байқауға таңдалынып отырған Қазалы станциясының жоғары еңбек өнімділігі ең алдымен ұжымының ұйымшылдығы мен темірдей тәртіпті ту еткен жауапкершілігінде. Олар аталған тексерістің жұмыс тәжірибесін жетілдіруге, нұсқаулық талаптарын нақты түсінуге және қауіпсіздік шараларын терең меңгеруге ықпал еткенін жеткізді.

Комиссия мүшелері жол шаруашылығы, байланыс, белгі беру және электрмен жабдықтау саласында көп кездесетін кемшіліктер туралы көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Қос бөлімшенің қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің басшылары Сағатбек Тумырзаев пен Ғани Қадіров қауіпсіздіктің сақтауының бірден бір кепілі – ереже-нұсқаулықтардан айнымай, қатаң сақтап жұмыс істеу екенін еске салды.

– Қозғалыс қауіпсіздігін сақтау – теміржолшының ең басты мақсаты, міндеті, жұмысы. Оны орындау үшін, оны сақтау үшін еш нәрсе кедергі бола алмайды, себебі теміржолшының жұмысы заңдылықтар мен тапсырмаларды орындаумен тығыз байланысты. Бүгінгі оқу-тәжірибелік көрсетілімді комиссиялық айлық тексеру аймақтағы барлық мекеме, станция және бөлім басшыларының қатысуымен, тәжірибе алмасу мақсатында өтіп отыр. 50-ден аса қызметкерлердің қатысуымен өткізілген жиында айлық тексерісті сапалы жүргізу, оның ішінде нормалық нұсқамалардың талаптарын орындау, жол көрсеткіштерін, белгі беру құралдарының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қолданыстағы аппараттардың сынақтан сауатты өткізілуін көрсету басты мақсат болды, – дейді ревизор Сағатбек Тумырзаев.

Комиссия станция жұмысының сапасы мен тәртібіне оң баға берді. Мұндай комиссиялық тексерістер апаттың алдын алуға, өндірістік тәртіп пен еңбек қауіпсіздігін арттыруға септігін тигізетін маңызды шара, сондықтан бүгінгі күні тәжірибе алаңына айналған байқау сала қызметкерлері үшін тиімді болғанын жеткізді.

*Суретті түсірген автор*

# КОМФОРТ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ

**Парк пассажирских вагонов ҚТЖ будет полностью обновлен к 2030 году.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Астана



В целях повышения качества пассажирских перевозок, развития транспортной инфраструктуры и реализации задач, поставленных Главой государства, АО «НК «Қазақстан темір жолы» приступило к реализации масштабной программы по обновлению всего парка пассажирских вагонов до 2030 года.

Программа предусматривает поставку современных вагонов нового поколения как от международных производителей, так и с участием отечественных предприятий. Главный акцент – на повышение комфорта, энергоэффективности, доступности для маломобильных групп населения и соответствие современным стандартам безопасности.

Одним из ключевых партнеров в модернизации является швейцарская компания Stadler, с которой АО «НК«ҚТЖ» заключило контракт на поставку 557 вагонов. Эти вагоны соответствуют европейским требованиям к скорости, безопасности и уровню сервиса. Внутреннее пространство спроектировано с учетом эргономики, а конструктивные решения обеспечивают комфорт при дальних поездках.

До конца 2025 года в Казахстан поступит первый 51 вагон. Они будут интегрированы на востребованные маршруты, включая направления между столицей и крупными региональными центрами.

Важной частью стратегии ҚТЖ остается поддержка национального машиностроения. Уже в этом году отечественный завод в городе Петропавловске поставит 107 новых пассажирских вагонов, произведенных с учетом климатических условий Казахстана и специфики внутренних маршрутов.

Также заключен договор на поставку еще 350 вагонов до 2027 года, что даст мощный импульс развитию промышленности, созданию рабочих мест и укреплению технологической независимости.

Помимо обновления обычных вагонов, ҚТЖ модернизирует моторвагонный подвижной состав. Уже введены в эксплуатацию два современных электропоезда, обслуживающих маршруты Астана – Курорт Боровое и Астана – Караганда. Каждый состав включает девять вагонов, оборудованных по последнему слову техники: кондиционирование, Wi-Fi, видеонаблюдение, пониженный уровень шума, доступность для людей с инвалидностью.

В ближайшее время ожидается поступление еще одного аналогичного состава, что позволит увеличить частоту рейсов и повысить мобильность населения.

На сегодняшний день парк пассажирского подвижного состава ҚТЖ составляет 2 167 единиц, в том числе 732 вагона типа Talgo, обслуживающих скоростные и международные маршруты, 1 321 стандартный вагон, 114 моторвагонных единиц.

Программа обновления вагонного парка – это не просто техническое перевооружение. Это системный шаг к устойчивому развитию пассажирского сектора железнодорожного транспорта, в котором приоритет отдается безопасности движения и пассажиров, улучшению сервиса и условий поездки, энергоэффективности и снижению эксплуатационных затрат, доступности транспортной инфраструктуры для всех категорий граждан.

До 2030 года ҚТЖ намерена завершить полное обновление парка, внедрив инновационные и экологичные решения, способствующие росту привлекательности железнодорожного транспорта для населения.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# ОБУЧЕНИЕ ПО ПЛАНУ

ОСМОТР

**На стации Цвилинга прошел показательный комиссионный месячный осмотр, в котором приняли участие 33 работника структурных подразделений Илецкого железнодорожного узла и филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк».**



**Яна ЛЕНИНА,**
Илецк

